

Май ауданында 2009 жылы табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып күтумен айналысатын адамдарды, сондай-ақ жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май ауданды Көктөбе ауылдық әкімдігінің 2009 жылғы 25 ақпандағы N 56/2 қаулысы. Павлодар облысы Май ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 31 наурызда N 80 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2010.02.18 N 19/2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2010.02.18 N 19/2 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 19 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген Жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес және еңбек нарығында жұмыссыздардың қабілетін жоғарту және жұмыспен қамтуға жәрдем ету мақсатында аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Май ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен (С.И. Мұқатаев) табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып күтумен айналысатын адамдарды, сондай-ақ жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру үшін 65 жұмыссыз, оның ішінде 10 жұмыссыз аудан бюджетінен оқытылсын.

2. Табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып күтумен айналысатын адамдарды, сондай-ақ жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырумен тікелей байланысты шығындар "Жұмыссыздарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау" 101 кіші бағдарламасы, "Жұмыспен қамту" 002 бағдарламасына сәйкес қаржыландырады.

3. Аудандық қаржы бөлімі (Ә.Қоңыржанов) жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың шегінде табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды

және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып күтумен айналысатын адамдарды, сондай-ақ жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру үшін қаржыландырылуын қамтамасыз етсін

4. Ресми жарияланған күннен бастап 10 күн өткен кейін қолданысқа енгізіледі

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Айткуловқа жүктелсін.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы *Т. Сарин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК